

7. van Deik T. *Āzyk. Poznanie. Komunikasija*. – M., 1989. – 331s. - kniga
8. Dosenko E. L. *Psihologia manipulāsii: fenomeny, mehanizmy i zařita*. – M.: Īzd-vo MGU, 1997. – 344 s.- kniga
9. van Dijk T. A. *Discourse and manipulation* / T. A. van Dijk // *Discourse and Society*. – 2006. – № 17 (2). P. 359-383.- stātā
10. Maillat D. *Constraining context selection: On the pragmatic inevitability of manipulation* / D. Maillat // *Journal of Pragmatics*. – 2013. – № 59. – P. 190-199.- stātā
11. Bykova O. N. *Āzykovoe manipulirovanie: materialy k ensiklopedicheskomu slovarū “Kūltura ruskoi rechi”* / O. N. Bykova // *Teoreticheskie i prikladnye aspekty rechevogo obřenia: Vestn. Ros. ritorich. asosiasii*. – Krasnoiar'sk, 1999. – №. 1 (8). S. 91-103.- stātā
12. Gerasimov V.M., Derkach A.A., Kosopkin A.S., Nefedova T.Ī. *Psihologia parlamentarizma*. – M.: Status-Kvo, 1999.- kniga
13. Belāeva Ī. V. *Fenomen rechevoi manipulāsii: lingvouridicheskie aspekty: avtoref. dis. ... d-ra filol.* – 2009. – 374 s.– avtoreferat disertasii
14. Maillat D. & Oswald S. *Constraining context: a pragmatic account of cognitive manipulation*. / D. Maillat & S. Oswald In Hart, Christopher (ed.) // *Critical discourse studies in context and cognition*. – Amsterdam: John Benjamins. – 2011. – P. 65-80.- stātā
15. Parřin P. B. *Rechevoe vozdeistvie: osnovnye sfery i raznovidnosti*. – M.: Eksmo, 2007.
16. Koprina G. A. *Rechevoe manipulirovanie: ucheb. Posobie*. – 4-e izd., ispr. – M.: Flinta, 2012. – 170 s.– uchebnoe posobie
17. Navarastān L. G. *Āzykovye sredstva i rechevye priemy manipulāsii informasiei v SMĪ (na materiale rosiskih gazet): avtoreferat disertasii ... kand. filol. n.: 10.02.02*. – Saratov, 2017. – 23 s.– avtoreferat disertasii
18. Vasilenko T. S., Belova E. V., Shevarshinova E. I. *The role of language means in exerting a manipulative impact on the audience (on the example of BBC radio text)* / T. S. Vasilenko, E. V. Belova, E. I. Shevarshinova // *World of Science. Series: Sociology, Philology, Cultural Studies*. – 2019, – 1(10). - stātā
19. Belāeva Ī. V. *Gramatika manipulātivnoi komunikasii* / Ī. V. Belāeva // *Kūlturnaia jizn Īuga Rosii*. – 2009. – 1 (30). – S. 117–120.- stātā
20. řakenova M. T., Tařimhanova D. S., Ospanova U. A., Buldybaev T. K. *Leksiko-gramaticheskie markery manipulātivnosti masmedinogo diskursa (na materiale korpusa ruskoiazychnyh tekstov SMĪ v Respublike Kazahstan)* / M. T. řakenova, D. S. Tařimhanova, U. A. Ospanova, T. K. Buldybaev // *Nauchnyi dialog*. – 2020. – № 2. – S. 141–160. – DOI: 10.24224/2227-1295-2020-2-141-160.- stātā
21. Kovřova M. L. *Lingvisticheski analiz teksta (rechevaia manipulāsia)* / M. L. Kovřova // *Vestnik MGU*. – Ser. 19. – 2009. – № 1. – S. 46–55.- stātā

МРНТИ 16.21. 51

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.21>

Атабаева М.,<sup>1</sup> Булекбаева Л.,<sup>2</sup> Жылқыбаева А.<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен, Қазақстан

### Ш.САРЫБАЕВ АЙМАҚТЫҚ ЛЕКСИКАДАҒЫ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Этномәдени бірліктер парадигмасының көлемдісі - *ас-су, тамақтануға* байланысты бірліктер деуге болады, өйткені тағам, оның түрлері, тамақтану дәстүрі халық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл парадигмада халықтың географиялық жағдайына үйлескен өндірістік қатынастар үдерісіндегі тіл иелерінің шаруашылық әрекетінің нәтижесі түгел көрініс табады. Этнографиялық зерттеу нәтижелеріне қарағанда, заттық мәдениеттің киім-кешек, үй-жай т.б. түрлері сияқты емес, тамақ, тамақтану дәстүрі этникалық, мәдени-тұрмыстық белгілері жағынан

тұрақтылығымен ерекшеленеді. Қазақтың ұлттық тілі ала-құлалығы елеусіз, ортақтығы басым тіл, сол себепті қазақ тілінің жергілікті ерекшелігі сөйленіс аталып, сөйленістер тобына бөлінеді. Аймақтық лексикада қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністері болып табылатын ас-су, тамақтануға байланысты этномәдени мазмұнды бірліктер де бар. Мақалада осы ас-су тағам атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері, оның Ш. Сарыбаев еңбектеріндегі жіктелісі мен тамақтану үдерісін дискурстық деңгейде зерттеу қажеттілігі жайында сөз болады.

**Түйін сөздер:** аймақтық лексика, тамақтану дәстүрі, этномәдени семантика, ақ (сүт), қызыл (ет), көк (көкөніс)

*Atabayeva M.,<sup>1</sup> Bulekbayeva L.,<sup>2</sup> Zhilkibayeva A.<sup>3</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kazakh National Women's Teacher Training University,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>3</sup> East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov,  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

## **Sh. SARYBAYEV ON LEXICO-SEMANTIC FEATURES OF FOOD NAMES IN REGIONAL VOCABULARY**

### *Abstract*

The scope of the paradigm of ethnocultural associations includes units related to nutrition and drinking water, since nutrition, its types and traditions of nutrition are an integral part of the population's culture. This paradigm reflects all the results of the economic activity of linguists in the process of industrial relations in combination with the geographical position of the population. According to the results of ethnographic research, the subject culture of clothing, premises, etc. is characterized by stability in terms of ethnic, cultural and everyday features. The Kazakh national language is a language of insignificance and community, therefore, local features of the Kazakh language were noted and divided into speech groups. The regional dictionary also contains units of ethnocultural content related to food, which are regional manifestations of traditional Kazakh culture. The article discusses the classification of the works of Sh. Sarybaev and the need to study the nutrition process at a discursive level.

**Keywords:** regional vocabulary, food tradition, ethnocultural semantics, dairy products, meat products, vegetables

*Атабаева М.,<sup>1</sup> Булекбаева Л.,<sup>2</sup> Жилкибаева А.<sup>3</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казакстан*

*<sup>3</sup> Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казакстан*

## **Ш.САРЫБАЕВ О ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЯХ ПИЩЕВЫХ ИМЕН В РЕГИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКЕ**

### *Аннотация*

В сферу действия парадигмы этнокультурных объединений входят единицы, связанные с питанием, поскольку питание, его виды и традиции питания являются неотъемлемой частью культуры населения. Эта парадигма отражает все результаты экономической деятельности лингвистов в процессе производственных отношений в сочетании с географическим положением населения. По результатам этнографического исследования предметная культура одежды, помещений и т. д. характеризуется стабильностью с точки зрения этнических, культурных и бытовых особенностей. Казахский национальный язык является языком незначительности и общности, поэтому местные особенности казахского языка были отмечены и разделены на речевые группы. Региональный словарь также содержит единицы этнокультурного содержания, связанные с едой, которые являются региональными проявлениями традиционной казахской культуры. В статье рассматривается классификация произведений Ш. Сарыбаева и необходимость изучения процесса питания на дискурсивном уровне.

**Ключевые слова:** региональная лексика, традиция питания, этнокультурная семантика, молочные продукты, мясные продукты, овощи

**Кіріспе.** Қай ұлттың болмасын тілінде сол ұлттың ерекшелігін танытатын белгілері болады да, оны айқындайтын тіл бірліктері қалыптасып, ұлттың этномәдени болмысын анықтауға мүмкіндік береді. Адам әлемді танып қана қоймайды, бағалау арқылы сол әлемнің өзіне қажет бөліктерін таңдап, қолданысына жаратады. Адамның әлем шындығы туралы пайым-түсінігі ортақ концептілерге негізделеді. Адамзатқа ортақ ұғымдар мен зат-құбылыстар өрнегі әр халықта әртүрлі болады. Бұл адам санасының әмбебаптығымен қатар, олардың белгілі этникалық ерекшелігін танытады. Әлемнің тілдік бейнесі – адамның өмірден көріп-біліп, көңілге тую қабілеті нәтижесінде қордаланған білім жүйесінің тілдік таңбалардағы көрінісі десек, сол жүйені этномәдени мән-мазмұнды ақпаратпен әрлендіретін - этномәдени семантикалы бірліктер парадигмасы. Осы парадигманың көлемдісі - *ас-су, тамақтануға* байланысты бірліктер деуге болады, өйткені тағам, оның түрлері, тамақтану дәстүрі халық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Тағам - адамзаттың өсіп, өркендеуінің негізі болатын экологиялық маңызды факторлардың бірі. Тамақтану тек “тән” қажеттілігі емес, ол адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын айқындайтын тұрмыстық мәдениет және сол қоғамға тән адамдардың өзін ұстау нормасы, ұстанымдары болып табылады.

Мәдениет - таным жемісі, оның қай түрінің де адам баласының өзінің табиғаттың саналы перзенті екендігін сезінуінен туады. Ұлы Абай оны: “Жас бала анадан туғанда, екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - *тәннің құмары*... Біреуі білсем екен демеклік. “Ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – *жан құмары*, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген” [1, 103-104], - деп, дүниенің құпия сырын танып білуге деген құштарлықтың адам баласына ғана тән қасиет екенін пайымдатады. Жазушы-этнограф Сәбит Мұқанов: “Адамзаттың әлеуметтік тұрмысы материалдық және рухани делініп, екі жүйеге бөлінеді”; “Тән (дене) азығы – тіршілікке қажет бұйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда, материалдық мәдениет. Ал жан азығы дегеніміз – көркемөнер. Бұл табиғаттың бойындағы әсемдікті, күш-қуатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қол иә тіл өнері арқылы көріктендіріп жіберу” [2, 126], - деп есептейді. Материалдық мәдениетке: тұрақ жайы, ыдыстары, азығы, киім-кешегі, көлік тұрманы жатқызылса, “жан азығы” яғни рухани мәдениетке: фольклор, халықтық ән-би т.б. өнер, халықтық білім жүйесі, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жатқызылады. Мәдениеттің қай түрі де бірінен-бірін бөліп алуға келмейтін синкретті ұғым. Осыған орай, А. Жылқыбаева қазақ халқының асты өте жоғары бағалағаны және қастерлей білгені жайында айтады. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, түркі халықтары адам өміріндегі тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған “астан үлкен емессің” деген сөздер куә болады [3, 26] деп есептейді. С. Кенжеахметов: “Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да, қазақ кең дастархан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған” [4, 110].

Ас-су, тағам - ұлт мәдениетінің негізгі бөлігі, себебі ас-су, тағам ұғымында халықтың табиғи географиялық жағдайларға негізделген өндіріс пен өндіргіш күштерін жетілдіру жолындағы бүкіл шаруашылық әрекеті көрініс табады. Бұл, әсіресе, аймақтық лексика материалдарында анық көрінеді. Аймақтық лексика деректерін мағыналық тақырыптық топтарға бөліп жинап зерттеу қалыптасқан. Мұнда тұрмыстық зат, құрал-жабдық, киім-кешек, т.б. деректерге қарағанда, этникалық, мәдени-тұрмыстық белгілерді сақтау жағынан *ас-су, тағам* атаулары тұрақты келеді.

Азық-түлік, тағам атаулары аймақтық лексикада сол аймақтың ерекшелігі ретінде қарастырылады. Бұл деректер бастапқыда диалектологиялық экспедиция материалдары арқылы белгілі болса, кейіннен аймақтық лексикографиялық зерттеулер нысанына айналған [5]. Қазіргі күні жиналған деректер диалектологиялық, аймақтық сөздіктерге енген. Қазақ халқының, түркі халықтарының тағам атаулары терминдері бойынша кандидаттық [3], докторлық [6] диссертациялық зерттеулер жасалған.

Аталған зерттеушілер халықтың ғасырлар бойы жасаған тағамдар жүйесі ұлттық таным жемісі, бірегей динамикалық жүйе болып табылады, бұл парадигма мағынасының кеңдігі сонша: оның құрамына азық-түлік өнімдерінен басқа да тамаққа жарататын қосымша бөліктер, оны дайындау

тәсілдері, тұтыну рәсімдері, ырым-тыйымдардың барлығы кіреді [6] деп есептейді. Ал бұл бағыттағы зерттеулер ас-су, тағам жүйесін гастрономиялық дискурс ретінде зерттеу қажеттілігін туғызады.

**Әдістеме.** Аймақтық тағам атаулары қатарына, негізінен, ежелгі атаулар жатады. Осы атаулар мен олардан туындайтын тілдік бірліктер лингвистика ғылымының нысаны болып табылады. Тағам атаулары мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Мақалада тағам, тамақтану атауларына құрылымдық, сөзжасамдық, семантикалық, лингвомәдени танымдық талдау жасау арқылы этнолингвистикалық мағынаны танып, түсінуге қол жеткізуге болатыны анықталды. Этнографиялық мазмұнды аймақтық сөз, *ас-суға* байланысты атаулар, сол аймақ тұрғындарының тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі сияқты ерекшеліктерді білдіреді. Әдеби тілде оның баламасы болмауы мүмкін, немесе басқаша аталуы да мүмкін. *Нарын* – оңтүстік аймағында тағам атауы, етін де, нанын да ұсақ етіп тұраған ет. *Нарынға* қара бұрыш, айран қосады (Мер). *Нарын* - бұл елдің ең жақсы тамағы, тек сыйлы қонаққа ғана береді (Сыр). Осы сөз – кең таралған географиялық атау (*Нарын құм, Нарынқұдық, Нарынқона, Нарынқол* т.б.). Ұ. Р. Ержанова *нарын* сөзіне қатысты деректермен қатар оның: 1) жіңішке, нәзік; 2) жинақты, ұқыпты; 3) шебер, қу, айлакер; 4) сараң, қатты мағыналарын келтіреді. Қазақ жеріндегі құм атауын білдіретін “Нарын” осылардың “жіңішке, нәзік” мағынасынан шыққан деп есептейді, өйткені Нарын – басқа құмдарға қарағанда, кішкене, шағын және сусыған нәзік құм. Ғалым пікірі *Нарын* сөзі “күн, күнге” мағынасынан гөрі аумақ, көлем өлшемін білдіретін монғолдың “нарийн” сөзінен шыққан деген жорамалдың дұрыстығына саяды [7,33]. Ендеше қазақ сөйленістеріндегі тағам атауы мен топонимдердің арасындағы байланыс қандай деген сұраққа да осы “нәзік, жіңішке” ұғымы жауап бола алды. Бұл – тамақтың жеңіл де, қолайлы, сыйлы түрі. Оны үлкен асқа дейін сыйлы, үлкен кісілерге ұсынады [3,207]. Ш.Сарыбаевтың лексикографиялық зерттеулерінде мұндай атау *шашыраңқы полисемия* деп аталады [5].

**Нәтиже.** А.Ш. Жылқыбаеваның қазақ халқының тағам атаулары терминдері бойынша зерттеулерінде тамақтану жүйесін “күнделікті және мерекелік” аталатын екі салаға бөледі. Күнделікті тамақтану жүйесі: таңғы, түскі, кешкі ас болып бөлінсе, мерекелік: салттық-ғұрыптық (қаза, қонақасына байланысты атаулар) мен тұрмыстық (үйленуге, шілдехана, кәсіби т.б.) атаулар болып таратылады [6,8]. Аймақтық лексикадағы тағам атаулары ежелгі атаулар қатарына жатады, олардың, алдымен, күнделікті тамақтану жүйесі парадигмасында болғаны да айқын. Қазақ тұрмысында жиынға ас беру, негізінен, қуаныш пен қайғыға байланысты өткізіледі. Той-мерекелік дастарқан қандай да бір қуанышты оқиғаға орай (шілдехана, қырқынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, үйлену тойы сияқты және т.б.) атқарылса, дастарханның енді бір түрі - қазаға байланысты атқарылатын барлық салттық, ғұрыптық жоралғылар (қонақасы, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, асы) кезінде беріледі. Сонымен бірге тек салттық ас қана емес, ас қабылдау дәстүрінің қалыптасқан жүйесі дәстүрлі әлеуметтік қатынастардың байырғы нормалары мен принциптерін айғақтайды, әрі олардың бұлжымастығын паш етіп отырады. Ас қабылдау реті көшпелілердің дәстүрлі қатынас мәдениетінің салттық моделі болып табылады [9:18,19].

Әр халықтың қолданатын азық-түлік жиынтығы мен оларды өңдеу тәсілдерінде, тағам түрлері, дәстүрлі ас мәзірі, той т.б. дастарханы тәрізді жағдайларда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан материалдық және рухани мәдениетінің көріністері өзектесе жүреді, басқаша айтқанда, өмірдің әр кезеңіндегі әртүрлі жайттар ас-су, тамақтану дәстүрлері арқылы өрнектеліп отырады. С.Мұқанов ежелгі қазақ ауылдарының негізгі азығы малдың еті мен сүмесі (сүті) болғанын айтады [2,107]. Түркі халықтарын антропологиялық ерекшелігі тілі тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып т.б. қырларынан салыстыра зерттеуші С.Бизақов “Қазақтың ұлттық тағамы оңай даярланатын, химиялық құрылымы денсаулыққа пайдалы тағамдар” [10,50], -деп, қазақ халқының негізгі азығы *ет, сүт, ұн* тағамдары екенін атап көрсетеді. С.Кенжеахметов “Ас-адамның арқауы” деп тауып айтқан қазақ дастархан байлығына ерекше мән беріп қараған. Тағам түрлерін *ақ* (сүт тағамдары), *қызыл* (ет) және *көк* (жеміс) деп үшке бөлген” [4,88-95], - деп, сусын мен жеңсік тағам: *қымыз, шұбат, құрт, құрт көже, ежігей, ірімшік, сарысу, ақлақ, қатық, айран, сүзбе, торта, келсоқ, балқаймақ, сөк, жент, мыжыма, қарма, томьртқа, ақтүймеш, бұқпа, мипалау* т.б. түрлерін атайды бұлардың арасында: *ежігей, ақлақ, келсоқ, балқаймақ, бұқпа, мипалау, ақтүймеш* аталатын түрлерінің аймақтық сипаты бар, аймақтық сөздіктерге енген.

**Талқылау. 1 Сөйленістер жүйесіндегі ас-су, тағам атауларының зерттелуі жайында.** Қазақ халқының негізгі азығы – ет, жылқы еті екені белгілі, ұн тағамдары біршама кейінгі дәуірлердің, ал

көкөніс, балық тағамдары сол кәсіппен айналысуға байланысты таралған және көрші тілдер әсері де жоқ емес.

Ас, тамақ ұғымын аймақтарда *ауқат*, *құрсақ*, *қару* – лексемалары білдіреді, осы есім сөздерден кимыл ұғымы: *ауқаттану*, *құрсақтану*, *ауқаталу*, *ауқат ету* жасалады.

Ас-су, азық-түлік атаулары сан жағынан көп болмағанымен, алғашқы экспедиция материалдарынан ақ тақырыптық топтардың ең негізгілерінің бірі ретінде көрінеді. С.Аманжолов оңтүстік аймағы бойынша: *атала*, *аймаш/нан салма*, *ауқат*, *ақта*, *шұқпа зуала*, *қима/құймақ*, *мас көже*, *майек*, *насыр көже*, *пал*, *патырман*, *пәтір/пәте*, *сүзбе нан*, *сәме/шамба*, *салма нан*, *тақпа/тұқпа*, *тұқым*, *түймеш*, *тоқаш/шүрек*, *топ/төп*, *тураған*, *чікілдек*, *шүбет*, *әсел*, *үзбен*, *қыықша*, *қайнатпа нан*, *қарыма*, *ұстаған* тәрізді отыз шақты, батыс диалектісінен: *ардап*, *бүжі/бұжы*, *бұжбан*, *дуан*, *жаламат*, *жаламық*, *жари*, *кіре/кере*, *кермек*, *кілегей*, *нан ысу*, *өтпек*, *сужік*, *талқы шай*, *төп*, *шама/шәмбе*, *қыз алар*, *қымыран* тәрізді он сегіз жергілікті атауды көрсеткен [11: 305-306; 371].

Батыс сөйленістерінің ерекшеліктері бұдан кейінгі кезеңдердегі зерттеулер арқылы толығырақ түсті. С.Омарбеков Маңғыстау қазақтары өмірінен батыс сөйленістері бойынша С.Аманжолов атаған бірліктерден өзге төмендегідей деректерді келтіреді: *женшекей* – ірімшік, тарың құрт, т. б. араластырып жасайтын тағам, әдеби тілде - *жент*, *жент-ұлттық* тағам, шай мәзіріне жатады; *май түймеш* – женшекей тәрізді тағам, тарыға қант, ірімшік араластырып, келіге түйеді оған сүт, май қосады, Торғай жағында мұны *келісоқ* деп атайды; *дағара* - үлкен етіп пісірілген нан; *бармақ нан* - қамырын қолмен үзіп дайындайтын көже, Қызылорда да бұл *үзбен* аталады, үзу етістігінен жасалады; *кісе нан* – ішіне тураған ет салып, табаға пісірілетін нан; *тобаяқ* – қазының ең майлы етті жері; *сырбаз* – қойдың етін терісіне орап, от өртелген шұңқырға салып пісіреді; *қымыран* – ашыған көже; *азарған* – сусын ретіндегі сүт тағамдарының жалпы атауы. (*Азарған* ішкен адам тез оңалады) [12,74-75]. Ә.Нұрмағамбетов Түрікменстандағы қазақтар тіліндегі: *күртік* (еттің наны), бұл орталық говорда *іңкәл* аталатынын, *бөре* (пельмен, тұшпара) атауларының *ауыспалы* ерекшеліктер екенін айтады [13,100-101]. Н.Жүнісовтің Қарақалпақстандағы қазақтар тілінен алынған деректеріне қарағанда, батыс аймағына ортақ белгілерімен қатар: *ақсаулақ басалай*, *деңгене*, *зағара*, *қансоқта*, *қара ашытпа*, *шеребе*, *шөрек*, *шәуле*, *шеребе* сияқты атаулардың жергілікті ауыспалы сипаты басым екені аңғарылады [14,88-89]. Ш.Сарыбаев Батыс Қазақстан экспедициясы материалдарынан: *ақмай* (күзгі май, ақ май), *ақ түймеш/ақ құрт* (айранды ашытып жасаған құрттың түрі), *собалақ* (балаларға арналған бауырсақ), *салма* (кеспе), *төңкерме* (ұнға май қосып, қуырып жасайтын тамақ) [15,39-40] тәрізді атауларды, ал Айдаров Өзбекстандағы қазақтардың тілінен: *сыршай/шыршай* сүт қатқан шай, *сыргүріш/сырбырыш* (сүтке пісірілген күріштен жасалған тамақ, ботқа) *ақсерке* (айран қатқан сорпа), *күлшетай* (қамырды суға пісіріп, үстіне май құятын тамақ түрі) тәрізді түрлерін көрсетеді [16,97-99]. Оңтүстік сөйленістер тобына жататын Өзбекстандағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне айналадағы өзбек, қарақалпақ, тәжік, түрікмен тілдерінің әсері бары белгілі, сондықтан бұлар ұн, күріш, көкөніс өнімдерін мол қолданады.

Ш. Сарыбаевтың Солтүстік-шығыс сөйленістер тобына жататын Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданы материалдарынан: *бұрме* (жылқының қарнына салып қатырған ет), *жарма құрт/ащы құрт* (қапқа салынғаннан кейін жарылған құрт), *көмбе* (күлге көміп пісірілген нан), *қақтама* (ашытып, қақтап пісірілген нан), *құлақ нан* (етке салатын нан) [15,66-65] атаулары кездеседі. Солтүстік аймағының географиялық жағдайына қарай, көкөніс, жеміс-жидектен гөрі, еттен жасалған тағамдар, картоп өнімдері басым қолданылады.

**2 Ас-су, тағам атауларының семантикалық өзгерістері.** Ш.Сарыбаев пен О.Нақысбековтың аймақтық лексика жайлы еңбегінде қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері бойынша тіркелген материалдар жинақталып, ұғымдық-атауыштық мәніне қарай (зат, сын, сан, кимыл, мезгіл, мекен, көңіл-күй атаулары, есімдік, шылау) макротоптарға, іштей жіктеліп микротоптарға бөлініп алынған [5]. М.Атабаеваның аймақтық семантиканың мәселелері қаралатын еңбегінде аймақтық лексика зат, сын, кимыл т.б. ұғым атауларын білдіретін сөздер сипатында топталып, зат есімдердің қырық тоғыз, сын есімдердің алты, етістіктердің тоғыз тақырыптық тобы жіктеліп сипатталады [3,5;28].

Аймақтық лексикадағы семантикалық өзгерістер жайында кең көлемдегі зерттеу Ш.Сарыбаевтың “Қазахская региональная лексикография” еңбегі деуге болады. Бұл еңбегінде аймақтық сөздік жасаудың теориясы мәселелерін шешудегі аймақтық сөздің белгілері мен олардың семантикалық жақтан топтастырып жіктеу мәселелеріне тоқталған. “Сөз семантикалық жақтан семантикалық байланыстың екі типі: парадигмалық және синтагмалық типі арқылы сипатталады, сондықтан сөз семаларын айқындауда осы екі типтің біріне сүйену керек” [15,176-304].

Семантикалық парадигмадан атаулар арасындағы мағынаны анықтауға болады. Парадигмалық байланыс парадигмалық мағынадан жасалады. Парадигмалық және синтагмалық мағына бірімен-бірі байланысты, себебі парадигма қатарындағы сөз қандай парадигма жүйесіне енуіне қарай өзінің синтагмалық қатынасын белгілейді. Егер ас-су, тағам атаулары тобына қатысты болса, сөз табы ретінде - зат есім сондықтан олардың синтагмалық мағынасы септелу жүйесі (парадигмасы) арқылы анықталады[17]. Ш. Сарыбаев аталған еңбегінде аймақтық сөзді семантикалық ерекшеліктеріне қарай:омоним және көпмағыналылық, антонимдік мағына, дублет және синонимдерге бөліп, аймақтық сөзге тән ерекшеліктерін көрсеткен.

**Омонимдер.** Қазақ сөйленістері жүйесінде бір-бірімен тұлғасы бірдей, мағынасы әр түрлі сөздер қатары мол кездеседі. Әдеби тілмен салыстырғанда аймақтық омонимдердің ерекшелігі бар. Бұл олардың таралу шегіне байланысты, сол себепті Ш. Сарыбаев аймақтық омонимдерді әдеби омонимдермен салыстыра отырып, *диалектілік омонимдік* қатарлар және *әдеби-диалектілік* қатарлар деп екіге бөледі [5,23-24]. Мұндай қатарлар азық-түлік, тағам атауларында да ұшырасады. Аймақтық омонимдік қатардың мағыналары тек сөйленіс жүйесіне тән болады.

**Ақсаулақ** -1.Қонаққа берілетін жұқа нан (Қарақ); 2.Қауыннан істелген тамақ (*Ақсаулақ* істеуге көп күләбі қауын әкелдім (Қарақ.). Омонимдік мағыналары бір сөйленісте кездесетін мұндай қатарлар *ішкі диалектілік* омонимдік қатарлар деп аталады.**Қымыран**– 1. Ашытқан көже (*Қымыраның* шие татып тұр екен (Маңғ); 2.Шұбат (Жамб.:Мер., Қ.орд.). Мұндай қатарлар *диалектаралық* омонимдік қатарлар деп аталады. **Тосап**-1. Қайнатқан сүтке сары май, қойдың майын араластырып жасаған тамақ (Павл., Леб.); 2.Сүт, жұмыртқа, май т.б. қосып, қайнатып жасаған тамақ. (*Тосапты* босанған әйелге және жел ауруы бар адамдарға береді (Сем., Абай).**Мәйек** -1. жұмыртқа (Түрікм.,Шымк., Өзб.). 2. сүт еміп жүрген қозының ұлтабарындағы сүтке уыз қосып жасайтын тамақ (Сем. Ақс., Көкп.) мағыналарын білдіреді. Мұндай ерекшеліктер диалектілік омонимдер қатарын құрайды.

**Көп мағыналылық.** Сөйленістер жүйесінде көпмағыналық құбылысы да үлкен орын алады. Мұндай ерекшеліктерді Ш.Сарыбаев *біртұтас* диалектілік полисемия және *шашыраңқы* диалектілік полисемия [5,250-257] деп екіге бөледі.*Шашыраңқы* полисемия құрайтын мағыналар әр сөйленістен құралады. Көп мағыналық сөз мағынасын ауыстыру заңдары арқылы жасалады. Диалектілік лексикада да полисемия жасайтын негізгі тәсілдер: метафора, метонимия, синекдоха, қызмет бірлігі болып табылады.

**Қымыран** сөзінің шұбат мағынасынан шашыраңқы диалектілік полисемия тарайды:1) сиыр сүті мен су қосылған қымыз (Жамб. Мер., Қорд.); 2) шалап, айранға су қосып жасайды(Көкш.,Қ.ту); 3) жылы сиыр сүтін қосқан қымыз (Рес.,Орын.).**Қатырма** – 1) Жұқа етіп жайып, қазанға не табаға пісірген нан( Егемберді берді ғой *қатырманы, қатырманы* берді де қатырғаны). Бұл мағына Жамбыл облысының Жуалы, Шымкенттің Түлкібас, Ақтөбе облысының Ключевой аудандарында қолданылады; 2) қазанға пісірген нан(Майын көп қосса, қатырма тәтті болады (Рес.,Омбы);3) нанды дөңгелектеп жұқа жайып пісірген нан (*Қатырманы* ораза кезінде көп жасайды (Шымк.,Түркіст.).Осы сөздің Талдықорғанда “турап, қарынға салған ет”мағынасы бар, бұл аталған мағыналармен омонимдік қатар жасайды. *Біртұтас* полисемияның мағыналары бір не бір-біріне жақын сөйленістерге таралады және мағыналарының бәрі де сол тіл иелерінде қатар қолданыла береді. **Үзбен**:1)кеспе көже (Мына қонаққа жақсылап тұрып, сүт қақан *үзбен* жасап бер (Ақт.,Ойыл); 2) етке салатын нан; 3) жүгерінің қамырынан үзіп жасалған тағам; 4)балыққа қамыр қосып пісіретін тамақ (Кедейлер бұрынғы уақытта көбінесе *үзбен* ішетін (Гур., Тең.). **Қаттама** жұқа нанның арасына қаймақ салып орап, майға пісірген нан (Мейман келді ғой, *қаттама* пісір (Алм., Шел); 2) жайылған нанға май жағып қаттап, табаға немесе қазанға пісіретін нан.

**Қорытынды.** Қазақ тілі жергілікті ерекшеліктері жүйесіндегі азық-түлік атауларының түрі, негізінен, жоғарыда аталғандар деуге болады. Тіл деректеріне қарағанда, азық-түлік атауларының арасында аса түсініксіз, алшақ тұрғандары аз, керісінше, дыбыстық айырмашылығы, семантикалық өзгерістерге ұшырағандары мол кездеседі.Аймақтық лексикадағы ас-су, тағамға байланысты атаулар қазақтың дәстүрлі тамақтану жүйесіне енеді.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі азық-түлігі, негізгі қорегі,алдымен,ет-сүт,үн өнімдерінен жасалатын тағамдар екені белгілі. Жергілікті сипаттағы этномәдени мазмұнды бірліктер сол ежелгі дәуір көріністері,сондықтан қазақ халқының қазіргі ас мәзірі басқа зерттеулердің нысаны болу керек. Дегенмен қазақтың ұшы-қиырсыз даласының географиялық жағдайында да айырмашылық болуы заңды құбылыс, осыған орай Оңтүстікте – көкөніс, Батыста - балық өнімдері, Ақтөбе, Қызылорда жағында да балық өнімдерімен қатар, тары, күріш өнімдерінің қолданысы басымдау деуге болады.

Этнография ғылымын ас-су, азық-түліктің өндірілуі мен тағамның дайындалуынан гөрі, этнос тіршілігінің өзге қырларымен байланысты адамдар, тұтас халықтар арасындағы қарым-қатынас, олардың бір-біріне тигізетін әсері, тұрмыстық мәдениет құбылысы ретіндегі қызметі көбірек қызықтырады. “Ас- адамның арқауы”, “Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш”, “Абысын тату болса, ас көп”, “Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүрі” т.б. мақал-мәтелдердегі бірлік, береке, ұрпақ тәрбиесі, азаматтық тәрізді ұлттық дүниетаным көрінісі болып табылатын “Қазаның оттан түспесін!” қазаны бүтін, қазан көтеру тәрізді фразеологизмдер мен бата-тілектер бірімен-бірі үндес, өзектес. Мұндай этномәдени мазмұнды тіл бірліктер ұлттық құндылықтар.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Жазушы, 1986. - 200 б.
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы: Қазақстан, 1974. - 236 б.
- 3 Жылқыбаева А.Ш. Лингвомәдениеттану негіздері. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2017. - 130 б.
- 4 Кенжеахметов С. Жетіқазына. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 128 б.
- 5 Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақтілінің аймақтық лексикасы. - Алматы: Ғылым, 1989. - 192 б.
- 6 Жилкубаева А.Ш. Лексика питания в тюркских языках. дисс. ... докт. филол. наук. - Бишкек, 2013
- 7 Ержанова Ұ. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. - Алматы, 1998. - 25 б.;
- 8 Атабаева М. С. Дialeктілік сөз мағынасы. - Алматы: РБК, 1996. - 116 б.
- 9 Алимбаев Н. Этнографическое пространство казахского фольклора. Введение в проблематику // Маргулановские чтения. - Алматы, 1989. - С. 17-19
- 10 Бизақов С. Түрік әлемі. - Алматы: ИИА Айтос. 1998. - 232 б.
- 11 Аманжолов С.А. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. - Алматы: Сөздік-словарь, 2004. - 536 б.
- 12 Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. - Алматы: Ғылым, 1965. - 201 б.
- 13 Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. - Алматы: Мектеп, 1985. - 160 б.
- 14 Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. - Алматы: Мектеп, 1981. - 135 б.
- 15 Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. - Алматы: Мектеп, 1975. - 184 б.
- 16 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. - Алматы: Арыс, 2000. - 624 б.
- 17 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы: Рауан, 1991. - 216 б.

*References:*

1. Abai (İbraHim Qūnanbaev) Eki tomdyq şyğarmalar jinağy. 2-tom. - Almaty: Jazuşy, 1986. - 200 b.
2. Mūqanov S. Halyq mūrasy. - Almaty: Qazaqstan, 1974. - 236 b.
3. Jylqybaeva A.Ş. Lingvomädeniettanu negızderi. - Öskemen: S.Amanjolov atyndağy ŞQMU, 2017. - 130 b.
4. Kenjeahmetov S. Jetıqazyna. - Almaty: Anatılı, 1997. - 128 b.
5. Sarybaev Ş., Naqysbekov O. Qazaqtılıññ aймақтық лексикасы. - Almaty: Ğylym, 1989. - 192b.
6. Jilkubaeva A.Ş. Leksika pitania v türkskih iazykah. diss. ... dokt. filol nauk. - Bişkek, 2013
7. Erjanova Ū. Batys Qazaqstan oblysy toponimderiniñ etnolingvistikalıqsipaty. Filol. ғыл. kand. diss. avtoreferaty. - Almaty, 1998. - 25 b.;
8. Atabaeva M. S. Dialektilik söz mağynasy. - Almaty: RBK, 1996. - 116 b.
9. Alimbaev N. Etnograficheskoe prostranstvo kazahskogo föklora. Vvedenie v problematiku // Margulanovskie chtenia. - Almaty, 1989. - S. 17-19
10. Bizaqov S. Türik älemi. - Almaty: İİa Aikos. 1998. - 232b.
11. Amanjolov S.A. Qazaq til dialektologiasy men tarihyññ мәселелері. - Almaty: Sözdik-slovär, 2004. - 536 b.
12. Omarbekov S. Qazaqtıñ auyzeki tilindegi jergilikli erekşelikter. - Almaty: Ğylym, 1965. - 201b.
13. Nūrmağambetov Ä. Jergilikli til erekşelikteriniñ törkini. - Almaty: Mektep, 1985. - 160b.
14. Jünısov N. Halyq tiliniñ jergilikli erekşelikter. - Almaty: Mektep, 1981. - 135 b.
15. Aidarov T. Qazaq tiliniñ leksikalıq erekşelikter. - Almaty: Mektep, 1975. - 184b.
16. Sarybaev Ş. Qazaq til bilimi мәселелері. - Almaty: Arys, 2000. - 624 b.

17. Orazov M. *Qazaq tiliniñ semantikasi.* - Almaty: Rauan, 1991. - 216 b.

МРНТИ 16.21.33

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.22>

Zhumagulova B.,<sup>1</sup> Ershai G.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> KazUIR & WL named after Abylai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

**DIALECTIC INTERACTION OF REALITY AND UNREALITY IN  
PETER ACKROYD'S WORK "THAMES:  
SACRED RIVER"**

*Abstract*

This article analyzes the structure of the concept "Thames" in the literary and regional bestseller of Peter Ackroyd "Thames: Sacred River" as the general cognitive-matrix model that represents the cognitive structure of the whole work. Besides, the concept "Thames" is analyzed within the theory of egocentric categorization of space in language as means of world interpretation. In that aspect, the concept "Thames" is considered as an image of the surrounding space reflected by the creative consciousness of the author. The cognitive-matrix model and space- categorization model assist to disclose the integration of the linguo-country and linguo-cultural cognitive components of the complex concept "Thames" in their dialectic interrelation and interaction as cognitive means of synthesis of Reality and Unreality, dialectics of Space - Time - Continuum in Peter Ackroyd's work.

**Keywords:** cognitive linguistics, concept, cognitive-matrix model, egocentric categorization of space, linguo - country studies, linguoculturology, realia.

Жумагулова Б.,<sup>1</sup> Ершай Г.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**ПИТЕР АКРОЙДТЫҢ "ТЕМЗА:  
ҚАСИЕТТІ ӨЗЕН" ШЫҒАРМАСЫНДА ШЫНАЙЫ ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ ЕМЕС  
ДИАЛЕКТИКАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Питер Акройдтың "Темза: Қасиетті өзен" атты әдеби –елтану бестселлеріндегі "Темза" концептісінің құрылымы бүкіл туындының когнитивті құрылымын білдіретін жалпы когнитивті-матрица үлгісі ретінде талданады. Сонымен қатар, "Темза" концептісі кеңістіктің эгоцентрлік теориясы аясында әлемдік түсіндірудің құралы ретінде талданады. Осы тұрғыдан алғанда, "Темза" концептісі автордың шығармашылық сана сезімінде көрініс тапқан қоршаған кеңістіктің бейнесі ретінде қарастырылады. Когнитивті-матрицалық модель және кеңістікті категориялау моделі Питер Акройдтың шығармашылығында шынайы және шынайы емес, кеңістіктің, уақыт пен материяның диалектикасын синтездеудің когнитивті құралы ретінде "Темза" күрделі концептісінің лингвомәдени және лингвоелтану когнитивтік компоненттерін олардың диалектикалық өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін ашуға көмектеседі.

**Түйін сөздер:** когнитивті лингвистика, концепт, когнитивті-матрицалық модель, кеңістіктің эгоцентрлік категориясы, лингвоелтану, лингвомәдениеттану, реалия

Жумагулова Б.,<sup>1</sup> Ершай Г.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Қазақстан